

4. Новиченкова Л. Оправданные ожидания // Управление компанией. 2007. № 6. С. 61-62.

М. Жұмасат, ғылыми жетекші Б.А. Бакирова
Каспий қоғамдық университеті, Алматы, Қазақстан
M. Zhumassat, B.A. Bakirova
Caspian University, Almaty, Kazakhstan
bibigul_160375@mail.ru

Кәсіпорынды басқарудың экономикалық әдістерін пайдалану тиімділігін арттыру **More efficient use of economic business management techniques**

Түйіндеме. Халық шаруашылығы дамуының қазіргі кезеңінде басқарудың экономикалық әдістері зор маңыз алып отыр. Басқарудың экономикалық әдістерінің мазмұны еңбек және материал шығындарын мейлінше аз жұмсай отырып, мейлінше жақсы өндірістік нәтижелерге жету мақсатында қызметкерлердің экономикалық мүдделеріне нысаналы ықпал етуде болып табылады. Осыған орай, бұл мақалада кәсіпорынды басқарудың экономикалық әдістерін пайдалану тиімділігін арттыру жолдары қарастырылған.

Abstract. Nowadays economic methods of management pay a lot of attention to the development of people economy and it takes large importance. Managing economic maintenance includes saving labor and materials cost and the aim to achieve very good productive results which would influence economic interests of workers. Due to this, the ways to increase efficiency of using economic methods management for enterprises will be considered in this report.

Кілт сөздер: менеджмент, еңбек өнімділігі, салық, несие

Keywords: management, labor productivity, tax, credit

Басқару дегеніміз бұл басқарудың мақсатқа жетудегі іс-әрекеттік жолдары. Басқару субъектісінің басқару объектісіне ықпал жасау әдістері басқару әдістері деп түсіндіріледі. Басқару әдістері ұжымдар қызметінің жоғары тиімділігін, олардың ынтымақты жұмысын қамтамасыз етуге тиіс. Мұның өзі басқару әдістерін өндірістік-шаруашылық міндеттерді шешу процесінде қолданылатын басқа да техникалық және технологиялық әдістерден ерекшеленеді.

Басқару әдістері басқару процесін мүлтіксіз ұйымдастыру, осы замаңғы техниканы пайдалану, еңбек пен өндірісті прогресті жолмен ұйымдастыру үшін жағдайлар жасайды, олардың барынша тиімді болуын қамтамасыз етеді. Сонымен, әдістер - басқару қызметінің мәні және негізгі мазмұны болып табылады, өйткені басқару міндеттері солар арқылы іске асырылады.

Басқару ілімінде бірнеше әдістер бар:

1. Әкімшілік әдістері
2. Экономикалық
3. Әлеуметтік-психологиялық

Басқарудың шеберлігі осы әдістерді толық пайдаланып, алға қойған мақсатқа байланысты олардың ара-салмағын дұрыс ұстауда.

Халық шаруашылығы дамуының қазіргі кезеңінде басқарудың экономикалық әдістері зор маңыз алып отыр. Басқарудың экономикалық әдістерінің мазмұны еңбек және материал шығындарын мейлінше аз жұмсай отырып, мейлінше жақсы өндірістік нәтижелерге жету мақсатында қызметкерлердің экономикалық мүдделеріне нысаналы ықпал етуде болып табылады.

Өндірістік ұжымдар мен жекелеген қызметкерлерге белгілі бір экономикалық тұтқаларды (өзіндік құн, пайда, баға, жалақы, материалдық көтермелеу қорлары) пайдалану жолымен ықпал ету экономикалық әдістер деп түсініледі.

Басқарудың экономикалық әдістері – кәсіпорын жұмыскерлерінің қажетті бағытта әрекет етуіне және алға қойылған міндеттерді шешуге талпыныстарын оятатын экономикалық жағдайларды тудыру жолымен ықпал ету тәсілдерінің жиынтығы. Бұл әдістер әлеуметтік-экономикалық заңдылықтар мен объективті әлемнің - табиғаттың, қоғамның және ой-сананың даму заңдылықтарына негізделеді. Бұл әдістер жеке тұлғаның, ұжымның және қоғамның экономикалық мүдделерінің жүйесі негізінде пайдаланылады.

Экономиканың нарықтық қатынастарға бейімделуі – көптеген экономикалық мәселелерді шешуді түпкілікті түрде басқаша қарауды талап етеді. Экономика мен саяси жүйенің өзгеруі үлкен мүмкіндіктермен қатар, әрбір адамға оның тұрақты өмір сүруіне бірқатар қиындықтар да әкеледі, түсініксіз жағдайлар қалыптасады.

Алайда адамның жеке мүмкіндіктері, іскерлік қабілеттері кез келген әлеуметтік-экономикалық жүйенің дамытушы күші болып саналады.

Басқару тиімділігінің көрсеткіштерін жақсарту – тиімділік факторларын кешенді түрде көрсететін ұйымдық-техникалық шараларды дайындап, жүзеге асырғанда ғана мүмкін болады.

Сондықтан ұйым деңгейінде тиімділік факторларының классификациясы ұсынылады. Ұйым қызметінің тиімділігін арттыруды көздейтін бағыттарға анықтама беретін теориялық жолдарға талдау жасағанда, оларды екі топқа бөлуге болады: 1-топ – ұйым қызметінің нәтижесінің өсуіне байланысты шаралар; 2-топ – ресурстар шығындарын азайтумен байланысты шаралар (ресурстарды сақтау, фирманың шығындарын азайту).

Мемлекеттік мекемелерде өндірісті қаржыландыру саясаты, тиімді, келешегі зор, сұранысы көп заттарды шығаруға, жаңа техника мен озат технологияны енгізуге, жоғары сапалы заттар шығаруға бағытталғаны дұрыс.

Ынталандыру жүйесін кеңінен жұмыскерлер, цех және ұжымдар да қолдануы керек. Ынталандыру жүйесі еңбек өнімділігін өсіруге, зат сапасын көтеруге, үнемділік тәсілдерін игеруге бағытталуы тиіс.

Несиені тиімді пайдалану арқылы жаңа техника, технология, жаңа өндіріс бағдарламаларын өркендетуге мүмкіндік береді.

Салық жүйесін де тиімді пайдалану арқылы еңбек өнімділігін арттыруға болады. Сонымен қатар баға саясатын да пайдалану керек.

Басқарушы ұйымның басшылығына алдын-ала қарастырылған ресми әрекет-өкілеттіліктерді беру арқылы келеді. Лидер болса ресми емес әрекеттердің нәтижесінде, өз еңбегімен, абыройымен келеді.

Қазіргі нарықтық экономикада кәсіпорын дамуындағы басты құбылыс басқарудың экономикалық тиімділігін арттыру жолдары: нәтижені жақсарту шаралар және ресурстар шығындарын азайтумен байланысты шаралар көрсеткіштері бойынша қарастырылады. Экономикалық тиімділікті анықтауда қойылатын міндеттер және тиімділікті анықтау объектілері әртүрлі болуы мүмкін. (сурет -1)

Басқарудың экономикалық тиімділігін арттыру жолдары		
Нәтижені жақсартумен байланысты шаралар		Ресурстар шығындарын азайтумен байланысты шаралар
ТЕХНИКАЛЫҚ	ҰЙЫМДЫҚ	ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
Минималды материалдар шығынын қамтамасыз ететін технологи-яларды қолдану	Ресурстарды алу мен пайдалануды есепке алуды ұйымдас тыруды жетілдіру	Масштаб заңының, уақыт үнемдеу заңының т.б. заңдардың әсерін талдау
Оптималды материалдар шығынын қажет ететін қондырғыларды қолдану (жаңарту)	Өндірісте ресурстарды алу мен пайдалану циклдерін қысқарту	Басқаруда менеджменттің ғылыми әдістерін қолдану
Қолданылатын ресурстардың сапасын жақсарту және алдын-ала белгіленген қасиеттері бар материалдарды жасау	Технологиялық құрал-жабдықтарды жөндеу сапасын арттыру	ФСА, болжау әдістерін, ЭММ-ді қолдану
Тасымалдаудың және ресурстарды сақтаудың техникалық базасын жетілдіру	Ресурстарды үнемдеу мақсатымен өндіріс пен еңбекті ұйымдас тыр-уды жетілдіру	Жұмысшылардың еңбек жағдайы мен демалысын жақсарту
Шикізатты өңдеудің технологиялық режимін жетілдіру	Ресурстарды қайта пайдалануды ұйымдастыру	Үнемдеуді арттыру үшін ынталандыру мен жауапкершілік шараларын қолдану
Ресурстар шығындарын модельдеу үшін сынақ базасын құру	Ресурстарды үнемдеу мақсатымен ұйымдық-техникалық шараларды дайындау және жүзеге асыру	Үнемдеу мен сапаға қатысты әлеуметтік-психологиялық шараларды жүзеге асыру
Өнімнің жоғары сапа-сын қамтамасыз ететін технологияларды қолдану	Сапа мен өндіріс көлемін арттыру мақсатымен – өндіріс пен еңбекті ұйымдастыру- ды жетілдіру	Еңбек сапасы мен өнімділікті арттыруды және жұмысшылардың кәсіби деңгейін көтеруді мотивациялау
Максималды еңбек өнімділігін қамтамасыз ететін құрал-саймандар-ды қолдану	Сапаны жақсартумен байланысты ұйымдық-техникалық шараларды дайындап, іс жүзіне асыру	Ұйымның мақсатына бола корпоративті рух пен корпоративті мәдениетті дамыту

Сурет 1. Басқарудың экономикалық тиімділігін арттыру жолдары

Қоғамдағы экономикалық байланыстың дамуы мен өндірістік масштабтың өсуі басқару процесін қиындатты. Нарықтық байланыста дамығанға дейін басқару функциялары универсалды сипатқа ие болды. Өндірісті басқару өндіріс құралдарының иелері арқылы жүргізіледі, бірақ капиталды концентрациялау процесінде қоғамдық өндірістің жаңа ұйымдық формалары пайда болды, мұның өзі басшылық еңбектің жеке түрлерін басқару функцияларын кеңейтті.

Басқару объектілері ретінде қоғамдық өндірістің әр түрлі ұйымдық формалары танылады: салалар, бірлестіктер, акционерлік қоғамдар, мекемелер, жеке еңбектік қызмет немесе ұйымдар.

Дамыған экономика қоғамдық еңбекті нақты пропорцияларда тарату қажеттілігін тудырады. Жеке сферамен өндіріс саласы халық шаруашылығының құрамдас бөлігі бола отырып жеке комплексті құрайды. Сондықтан, кәсіпорынды басқару қоғамдық өндірістік мекемелер мен салалар, сфераларды ұйымдастыру бойынша жоспарланған қызмет.

Қоғамдық процестерді басқару адамның қарым-қатынастары арқылы жүзеге асырылады. Басқарушылық қарым-қатынастар бірлескен қызметті ұйымдастыру бойынша адамдардың байланыстары. Қоғамдық өндірісті басқарушылық қарым-қатынастарға басқарушылық әсер етуді жүзеге асыру мен дайындау процесіндегі адамдардың әрекеттерін қамтиді. Басқарушылық қарым-қатынастар экономикалық, әлеуметтік, саяси және басқа да қоғамдық қатынастармен байланысты.

Әдебиеттер

1. *Ахметов А.* Менеджмент негіздері: оқу құралы. Алматы: Экономика, 2005
2. *Бердалиева К.Б.* Менеджмент. Алматы: Экономика, 2005
3. Экономикалық мәселелер жөніндегі мақалалар. [Интернет-ресурс] / <http://www.ereport.ru>

А.З. Загитова, научный руководитель *Е.И. Чучкалова*
Российский государственный профессионально-педагогический университет, Екатеринбург, Россия
lika_tin@mail.ru

Особенности оценки трудового потенциала организации

Аннотация. *В данной статье раскрываются особенности оценки трудового потенциала организации, а так необходимые условия для его успешного развития.*

Ключевые слова: *трудовой потенциал организации, управление трудовым потенциалом, компоненты трудового потенциала*

Как фактор производства труд заключает в себе огромные потенциальные возможности по созданию общественно необходимых благ, именно поэтому повышение использования человеческих способностей приобретают особую значимость и это объясняет интерес к трудовому потенциалу. Проблема системного управления трудовым потенциалом предприятия заслуживает пристального внимания, так как